

**«8D05303 - Жылуғизика және теориялық жылутехника» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Қысабекова Перизат Әуелқызының «Энергетикалық нысандардың жылу параметрлерін бақылауға арналған жылуолшеуіш құрылғының әзірлеу және құру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

### СЫН ПІКІРІ

№ п/п	Критерийлер	Критерийлерге сәйкестік (жауап нұсқаларының бірін атап ету керек)	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертацияның тақырыбы (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) <u>Диссертация мемлекеттік бюджетінен каржыландырылатын жоба немесе нысаналы бағдарлама аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен немірі);</u></p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама шенберінде орындалды (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Казакстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес (бағыт көрсету)</p>	<p>Диссертациялық зерттеу ғылымның даму бағытына сәйкес келеді «Энергия, озық материалдар және көлік» - «Жылу және электр энергетикасы».</p> <p>Диссертация МК бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарларына сәйкес орындалды «Минералды шикізатты, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды өңдеудің жоғары тиімді технологиясы» (№0122РК00238, 2022-2024), Қемір-су отыны шикізатын алу технологиясын жобалау және жасау» (№ 8837-Ф-25, 2024-2026).</p> <p>Диссертация Казакстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамыуның басым бағытына сәйкес.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға айтарлықтай үлесін <u>косады/қоспаиды</u> және оның маңыздылығы <u>жақсы ашылған/ашылмаган</u>	Диссертацияда ұсынылған жоғары дәлдікті жылу ағынын өлшеу құрылғысы өнеркәсіптік және ғылыми зерттеулерде колданылатын жылу ағындарын бақылау әдістерін жетілдіруге мүмкіндік береді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Диссертация жұмысын орындау барысында автор алынған нәтижелерді өңдеу, зерттеу әдістемелерін тандау және эксперименттік нәтижелерді талдау процесіне белсенді түрде катысып, жоғары дербестік танытты. Сонымен қатар, автор ғылыми макалаларды әзірлеп, халықаралық конференцияларда зерттеу нәтижелерін баяндау жұмыстарын жүзеге асыруды.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертацияның өзектілігінің негізdemесі:	Жоғары дәлдікті жылу ағынын өлшеуішті әзірлеу және жасау өнеркәсіптік нысандарда жылутехникалық өлшеулердің тиімділігін арттыруға, объектілердің диагностикасын жүргізуге, технологиялық ақауларды үақтылы анықтауга және олардың



		<p>күрылғыларды жобалау мен калибрлеу үдерістерін едәуір жетілдетеді.</p> <p>Сонымен катар, термоэлектрлік батареялы түрлендіргіш негізінде жаңа жылу ағыны датчигі жасалып, тәжірибелік сұнақтан откізілді. Құрылғының көмегімен жылу желілерінің үстіндегі жылулық саулеленудің тарапу зандылықтары негізгі параметрлерге тәуелділікте зерттелді (жылу тасымалдағыштың температурасы, құбыр тереңдігі, оқшаулау жағдайы және топырақ ылғалдылығы). Бұл нәтижелер ғылыми жаңалық ретінде сипатталып, нақты инженерлік міндеттерді шешуге бағытталған.</p> <p>Жалпы, алғынған ғылыми нәтижелер мен қагидалар теориялық және практикалық түрғыдан өзекті, бұрын ғылымда кездеспеген және энергия тиімділігі саласындағы жаңа тәсілдерге жол ашады.</p>	
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылады ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстың қорытындылары жаңа болып табылады және эксперименттік деректер толық салыстырмалы талдау нәтижелерімен расталды.	
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады аз)	Диссертацияда ұсынылған техникалық, технологиялық, экономикалық шешімдер жаңа және негізделген. Шешімдер жылуолшеуіш құрылғының тиімділігін арттыруға, өндірістік процестерді оңтайландыруға және энергия ресурстарын үнемдеуге бағытталған.	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми түрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми түрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Теориялық тұжырымдар аналитикалық есептеулермен және тәжірибелік зерттеулер нәтижелерімен расталған, бұл жұмыстың ғылыми сенімділігін қамтамасыз етеді.
7.	Корғауға шыгарылатын негізгі қагидаттар	Әрбір қагидат бойынша келесі сұраптарға жауап беру қажет: 7.1 Қагидат дәлелденді мә?	<b>Қагидат 1</b> «Жартылай сфера-цилиндр» түріндегі сезімтал элементі бар жылу ағыны датчигіндегі температура айрымының ( $\Delta T(t)$ )

	<p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиальды ма?</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>аналитикалық есептеу әдістемесі әзірленді. Бұл әдістеме жартылай сфера мен цилиндр шекарасындағы температура мен жылу ағынының үздіксіздігін ескере отырып, жылуоткізгіштік тендеулерін шешуге негізделген және датчиктің қыздыру динамикасын жогары дәлдікпен бағалауға мүмкіндік береді.</p> <p>7.1 дәлелденді</p> <p>7.2 жоқ</p> <p>7.3 иә</p> <p>7.4 кең</p> <p>7.5 иә</p> <p><b>Қағидат 2</b></p> <p>Бұзбайтын бакылау әдісін қолданатын, термоэлектрлік батареялық түрлендіргіші бар және термоЭКК коэффициенті <math>5,415 \text{ mV}^{\circ}\text{C}</math> болатын, әзірленген жылу ағынын өлишеуге арналған құрылғы <math>-30^{\circ}\text{C}</math>-тан <math>100^{\circ}\text{C}</math>-қа дейінгі температура диапазонында жылу тасымалдағыштағы ақауларды анықтау кезінде жогары сезімталдық пен дәлдікті камтамасыз етеді.</p> <p>7.1 дәлелденді</p> <p>7.2 жоқ</p> <p>7.3 иә</p> <p>7.4 кең</p> <p>7.5 иә</p> <p><b>Қағидат 3</b></p> <p>Әзірленген жылу ағынын өлишетін құрал жогары дәлдік пен сенімділікті камтамасыз етеді, ол 10-нан <math>900 \text{ Bt/m}^2</math> дейінгі диапазонда жылу ағыны тыныздығын <math>2,408 \text{ Bt}/(\text{m}^2 \cdot \text{mV})</math> түрлендіру коэффициентімен және 3%-дан аспайтын жүйелі кателікпен өлишайді, бұл тәжірибелік зерттеулермен расталып, өнеркәсіптік пайдалану талаптарына сәйкес келеді.</p> <p>7.1 дәлелденді</p> <p>7.2 жоқ</p> <p>7.3 иә</p> <p>7.4 кең</p> <p>7.5 иә</p>
--	--	--

8.	Дәйектілік принципі Дереккөдер мен ұсынылған акпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы-негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>Иә;</u> 2) жок</p>	<p>Одістеменің таңдауы негізделген және нақты жазылған. Зерттеу барысында колданылған теориялық және эксперименттік әдістер жұмыстың макасаты мен міндеттеріне сәйкес таңдалып, олардың колдану негіздері жеткілікті түрде дәлелденген. Эксперименттік зерттеулер жылу ағынын өлише, калибрлеу және еталондық құрылыммен салыстыру әдістерімен жүргізілді.</p>
		<p>8.2 Диссертациялық жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды колдана арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>Иә;</u> 2) жок</p>	<p>Автор ұсынған зерттеу нәтижелері заманауи зерттеу әдістері мен сыналған эксперименттік әдістерді колдану арқылы алынады. Сол себепті диссертацияның нәтижелері сенімді және жогары деңгейде түсіндіріледі. Сонымен катар, диссертацияның негізгі нәтижелері рецензияланған ғылыми басылымдарда жарияланды, бұл олардың дұрыстығына күмән келтірмейді.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеумен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді):</p> <p>1) <u>Иә;</u> 2) жок</p>	<p>Автор жүргізген зерттеулердің нәтижелері негізінде қорытындылар тұжырымдалып, эксперимент нәтижелері мен деректерді алу әдісі арасындағы байланыс анықталды. Диссертацияда ұсынған барлық заңдылықтар расталған, тексерілген және жалпы кабылданған физикалық заңдарға сәйкес келеді.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталды</u> / ішінара расталды/расталмаған</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиет тізімі әдеби шолуга <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u></p>	<p>Автор халықаралық рецензияланған журналдардағы жарияланымдарға және негізгі мәлімдемелер бойынша сенімді, өзекті ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасаған.</p> <p>Автор жұмыстың шолу болімінде әдеби дереккөздерді, сондай-ақ Scopus дереккорларымен рецензияланған журналдардың мақалалары пайдаланылған.</p>
		<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) <u>Иә;</u> 2) жок</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жогары:</p>	<p>Диссертациялық жұмыста автор негізінен эксперименттік зерттеулердің нәтижелерін олардың ғылыми негіздемесімен бірге ұсынады, бұл жұмыстың теориялық сипаттан ғөрі қолданбалы бағытта екенін корсетеді.</p> <p>Әзірленген құрылғы жылу оқшаулау сапасын тексеру үшін қолданылады, бұл жылу трассаларындағы энергия шығынын азайтуға мүмкіндік береді. Құбыр желілеріндегі жылу</p>

		<p>1) Иә; 2) жок</p>	<p>шығындарын аныктап, ақауларды ерте кезеңде табуға көмектеседі. Жылу оқшаулаудың тиімділігін аныктап, гимараттардың энергия үнемдеу шараларын жаксартуға ықпал етеді.</p> <p>Сондай-ақ, жылу ағынын олшеуге арналған күрүлғы үшін арнайы геометрияға негізделген математикалық модель ұсынылған және оның аналитикалық шешімі алынған. Бұл шешімдер температуралық өрісті сипаттауға мүмкіндік беріп, болашакта ұқсас күрүлғыларды жобалауда теориялық негіз ретінде колдануға мүмкіндік береді.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады ма?</p> <p>1) <u>тольғымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Тәжірибеге арналған ұсыныстар жаңа болып табылады, олар энергетикалық ұысандарда жылу параметрлерін накты және тиімді бақылауға арналған жылуөлшеуіш күрүлғыны әзірлеу арқылы жүйенің тиімділігін арттыруға бағытталған.</p>
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Диссертациядағы материалды ұсыну стилі ғылыми жұмыстарға койылатын таланттарға сәйкес келеді. Диссертацияның барлық бөлімдері логикалық түсінікті бөлімдерге бөлінген. Диссертациялық жұмыс ете жоғары деңгейде орындалды және аяқталған ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады.</p>
11.	Диссертацияга ескертулер	Жұмыска қатысты ескертулер мен кемшіліктер жок.	<p>Құсабекова Перизат Әуелқызының «Энергетикалық ұысандардың жылу параметрлерін бақылауға арналған жылуөлшеуіш күрүлғыны әзірлеу және құру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ҚР ФЖБМ ФЖБССКК ұсынылған жұмыстарға койылатын барлық таланттарын канагаттандырады.</p>
12.	Докторант макалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгей (диссертация макалалар сериясы ұсынында корғалған жағдайда реєстрирован рецензенттер докторанттың зерттеу	Докторанттың диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша 11 ғылыми макала жарияланған. Бұл макалалардың барлығы зерттеудің негізгі мәселелерін жан-жақты ашып, ғылыми жаңа науқарларды жүйелі түрде көрсетеді. Эр макала ғылыми жаңа науқарлардың жаңа әдістемелік негіздердің тереңдігі, зерттеу нағиженерінің маңыздылығы және қолданбалы аспекттері түрғысынан талданды.	

	такырыбы бойынша эр мақаласының ғылыми деңгейін зарделейді)	
13.	Ресми рецензенттің шешімі	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне Кисабекова Перизат Әүелкызына 8D05303 – «Жылу физика және теориялық жылу техника» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы ұсыныс жасауға лайықты деп санаймын.

**Рецензент:**

Торайғыров университетінің профессоры, ф.-м.ғ.к.

 Н.А. Испулов



«Торайғыров университеттің професиялық орындаудағы мәдениеттік формалар
жолын растаймын
подпись <u>Испулов Н А</u> заверю
HR-қызметі <u>Н</u>
Некоммерческое акционерное общество «Торайғыров университет»